



109-КӘФИРҮН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алты аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Құрайш кәпірлері: "Әй Мұхаммед! Бір жыл Аллаға, бір жыл бұтқа табынайық" десті. Б.Ж.М.Х.Т.) (Мұхаммед F.C.): "Әй кәпірлер!" (1) "Сендердің табынғандарыңа табынбаймын;" (2) "Әрі сендер де менің құлшылық қылғанымға құлшылық қылмайсыңдар." (3) "Сірә мен сендердің шоқынғандарыңа шоқынұшы емеспін." (4) "Сондай-ақ

сендер де менің құлшылық қылғанымға, құлшылық қылушы емессіңдер." (5) "Сендердің діндерің өздеріңе менің дінім өзіме тән" де. (6)

110-НАСЫР СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Үш аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C.) Алланың жәрдемі және жеңіс келген кезде; (1) Адамдардың, Алланың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. (2) Енді Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Алла, тәубені өте қабыл етуші. (3)

111-МӘСӘД СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C. ағайындарын шақырып алып; дін жолын насихаттай бастағанда, Әбу Ләеб: "Құрып-ақ қал! Осыған шақырдың ба?",- деп, таспен ұрмақшы болады. Және әйелі Үммі Жамил, жолына тікен тастап қоятын еді. Б.М.К.) Әбу Ләебтің екі қолы құрысын! Құрыды да. (1) Оның малы да кәсібі де өзіне пайда бермеді. (2) Ол, жалындаған отқа кіреді. (3) Әйелі, отын көтеріп кіреді. (4) Оның мойнында есілген арқан болады. (5)